ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 қаңтар №5265-23-00-2/3536 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Апсеметов Лесбек Адилшеевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұраксыздықты өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Апсеметов Лесбек Адилшеевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Апсеметов Лесбек Адилшеевичтен мемлекет пайдасына 13 859 (он үш мың сегіз жүз елі тоғыз) теңге тұраксыздық төлемі, 404 (төрт жүз төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Дара кәсіпкер Апсеметов Лесбек Адилшеевичтен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 24.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.03.2024, судья Конысбаева Д. М., 04.03.2024
5265-23-3-1/3978

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 24.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.03.2024, судья Конысбаева Д. М., 04.03.2024

5265-23-3-1/3978